

**"Астық қолхаттарын тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 25 қаңтардағы № 33 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 413 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 24 желтоқсанда № 35516 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Астық қолхаттарын тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 25 қаңтардағы № 33 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18249 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы";  
кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 32-5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурс өткізу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астық қолхаттарын тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурс өткізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын камтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің міндетін атқарушы  
2024 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 413 бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2019 жылғы 25 қаңтардағы  
№ 33 бұйрығымен  
бекітілген

**Тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурс өткізу қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурс өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 32-5) тармақшасына сәйкес әзірленді және тіркеушіні айқындау жөніндегі ашық конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тіркеуші ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) – астық қолхаттары мен оларды ұстаушылар жөніндегі ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған, тізілімді жүргізудің автоматтандырылған жүйесі;

2) уәкілетті орган – құзыреті шегінде астық нарығына қатысушылардың қызметін үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

3. Тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурс уәкілетті органмен жүргізіледі.

4. Уәкілетті орган [www.gov.kz](http://www.gov.kz) ресми интернет-ресурсында өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін 15 (он бес) жұмыс күні бұрын конкурс өткізу туралы хабарландыруды орналастырады.

Конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) конкурстық өтінімдерді қабылдаудың басталу және аяқталу күні мен уақыты;
- 2) осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген қажетті құжаттардың тізбесі;

3) уәкілетті органның заңды мекенжайы; комиссия отырысы өткізілетін күні, уақыты және орны.

Әлеуетті тіркеушілердің конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталған күні конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

## **2-тарау. Тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурсты жүргізу тәртібі**

5. Тіркеушіні айқындау үшін уәкілетті орган тіркеушіні айқындау жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – комиссия) құрады.

Егіншілік саласындағы функцияларды жүзеге асыратын уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі комиссияның жұмыс органы болып табылады.

6. Комиссия құрамына уәкілетті органының, қоғамдық ұйымдардың, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жекеше кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің өкілдері енгізіледі.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды, кемінде бес адам. Комиссия төрағадан, комиссия мүшелерінен және хатшыдан тұрады.

Уәкілетті органның өкілі комиссия төрағасы болып табылады. Комиссия хатшысы жұмыс органның қызметкерлері қатарынан айқындалады. Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды.

7. Комиссия төрағасы отырыстарға төрағалық етеді, комиссияның қызметін жоспарлайды және басқарады.

8. Комиссия отырысы оған оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып табылады.

9. Комиссияның шешімдері ашық дауыс беру жолымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

Қабылданатын шешіммен келіспеген жағдайда комиссия мүшелері тіркеушіні айқындау жөніндегі ашық конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға қоса берілетін еркін нысандағы ерекше пікірді жазбаша баяндайды.

10. Комиссия хатшысы:

1) комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, комиссия отырысын өткізуді ұйымдастырады;

2) тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді, комиссия мүшелерінің оған қол қоюын қамтамасыз етеді;

3) конкурс құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

11. Комиссия отырысы аудио-, бейнежазба құралдарының көмегімен тіркеледі. Комиссия отырысын аудио-, бейнежазба құралдарымен тіркеуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

Комиссия отырысы барысының аудио -, бейнежазбасы үздіксіз жүзеге асырылады. Комиссия отырысының аудио-, бейнежазбасын рұқсатсыз тоқтата тұруға немесе түзетуге жол берілмейді.

12. Әлеуетті тіркеуші конкурсқа қатысу үшін мыналарды қамтитын конкурстық өтінімді ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті тіркеушінің бірінші басшысы не өкілеттігін растайтын тиісті құжат негізінде уәкілетті адам қол қойған өтінім;

2) әлеуетті тіркеуші иесі болып табылатын ақпараттық жүйе бойынша құжаттардың көшірмелері:

ақпараттық жүйені ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі бар сынақтар актісі немесе ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі бар сынақтар хаттамасы;

3) ақпараттық жүйені клиенттерге ақылы электрондық қызметтер көрсетуге арналған баға преysкуранты.

13. Конкустық өтінім уәкілетті органның кеңсесі арқылы не конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін пошта арқылы беріледі.

14. Конкурстық өтінім уәкілетті органның кеңсесіне келіп түскен күні қабылданады және тіркеледі және комиссия хатшысына беріледі.

Әлеуетті тіркеуші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде конкурстық өтінімді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

15. Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей әлеуетті тіркеушілердің қатысуымен тіркеушіні айқындау бойынша комиссияның отырысы өткізеді.

16. Комиссия ұсынылған құжаттар мен әлеуетті тіркеушілердің осы Қағидалардың 12-тармағының талаптарына сәйкестігін анықтайды.

Ақпараттық жүйенің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 4-1/699 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12016 болып тіркелген) бекітілген Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларының 3-тармағында көрсетілген мемлекеттік жүйелерімен және дерекқорлармен интеграциялық өзара іс-қимылының болуын, сондай-ақ ақпараттық жүйеде астық қолхаттарымен операциялар, оның ішінде blockchain технологияларын пайдалана отырып жүргізу мүмкіндіктерін растау үшін әлеуетті тіркеуші комиссия үшін клиенттің ақпараттық жүйедегі жұмысын көрсетуді жүргізеді.

Ақпараттық жүйеде клиенттің жұмысын көрсету осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген талаптарға әлеуетті тіркеушінің сәйкестігі айқындалғаннан кейін комиссияның отырысында жүргізіледі.

17. Егер конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі ішінде осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін бір ғана конкурстық өтінім ұсынылса, комиссия осы заңды тұлғаны тіркеуші ретінде айқындау туралы шешім қабылдайды.

Егер конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі ішінде осы Қағидалардың 12 - тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін бірнеше конкурстық өтінім ұсынылса, комиссия ақпараттық жүйені клиентінің дербес шотына жылдық қызмет көрсеткені үшін жыл сайынғы абоненттік төлемақының ең аз мөлшерін негізге ала отырып тіркеушіні айқындайды.

Бұл ретте, астық қабылдау кәсіпорнына астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне қол жеткізгені үшін жыл сайынғы абоненттік төлем айлық есептік көрсеткіштің отыз алты еселенген мөлшерін құрайды, ал клиенттің (астық қолхатын ұстаушының, астық иесінің, кепіл ұстаушының) жеке шотына жылдық қызмет көрсетілгені үшін жыл сайынғы абоненттік төлемді әлеуетті тіркеуші дербес айқындайды.

18. Тіркеушіні айқындау бойынша конкурс қорытындылары туралы хаттама осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді және отырысқа қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қояды және әр парағына қол қояды.

19. Мынадай жағдайларда комиссия конкурсты өткізілмеген деп таниды:

1) бірде-бір конкурстық өтінім берілмеген;

2) барлық әлеуетті тіркеушілер осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген.

20. Тіркеушіні айқындау бойынша конкурс қорытындылары туралы хаттама конкурстық өтінімдер қаралған сәттен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

21. Конкурс өтпеді деп танылған жағдайда, уәкілетті орган конкурсты қайта өткізу туралы шешім қабылдайды.

22. Тіркеушіні айқындау бойынша конкурс қорытындылары туралы хаттаманың негізінде уәкілетті орган Заңның 6-бабы 1-3) тармақшасына сәйкес тіркеушіні айқындау туралы шешім қабылдайды.

23. Тіркеушіні айқындау мәселелері бойынша шағымды қарау Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тіркеушіні айқындау бойынша  
ашық конкурс өткізу  
қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

---

(мемлекеттік орган)

тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Осымен ақпараттық жүйе:

- 1) веб-порталдық шешімге ие;
- 2) ашық бастапқы коды бар дерекқорларды басқарудың бос жүйесі пайдаланылатын ;
- 3) ашық бастапқы коды бар бос операциялық жүйе пайдаланылатын;
- 4) ақпараттандыру туралы заңнамаға сәйкес ақпараттық жүйені өнеркәсіптік пайдалануға қабылдау туралы актіге ие;
- 5) ақпараттық жүйені ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі бар сынақтар актісі немесе ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі бар сынақтар хаттамасына ие;
- 6) ақпараттық жүйенің астық қолхаттарымен операциялар туралы деректерін сақтауға арналған blockchain-платформасы пайдаланылатын;
- 7) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 4-1/699 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12016 болып тіркелген) бекітілген Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес астық қолхаттарымен операциялар орындауға мүмкіндік беретін;
- 8) мемлекеттік жүйелермен және дерекқорлармен интеграцияланған, атап айтқанда:
  - астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензиясы бар заңды тұлғаларға қатысты – рұқсаттар мен хабарламалар саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен;
  - астық қабылдау кәсіпорындары қаржылық есептілік депозитарийіне беретін ақпаратқа қатысты – бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен;
  - астық қабылдау кәсіпорындарына тіркелген жылжымайтын мүлік объектілеріне қатысты – жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен;
  - астық қабылдау кәсіпорындарына тіркелген жер учаскелеріне қатысты – жер қатынастары саласындағы реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен;
  - тізілімде тіркелген заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге қатысты – заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен;

астық қабылдау кәсіпорындарының лицензиарларына және олардың кеңістіктік (географиялық) деректеріне қатысты – мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік органмен;

салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен – астық қабылдау кәсіпорындары және астық қолхаттарын ұстаушылар шығарған электрондық шот-фактуралар жөніндегі деректерге қатысты;

астықты ішкі нарықта және экспортқа тасымалдау туралы мәліметтерге қатысты – Ұлттық темір жол компаниясымен;

тізілімде тіркелген жеке тұлғаларға қатысты – сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыруды және сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен;

клиенттер ақпараттық жүйеде операциялар жүргізу кезінде ақпараттық жүйе қатысушыларының электрондық цифрлық қолтаңба пайдалануына қатысты – Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығымен;

клиенттің "төлемге қарсы жеткізу" опциясын пайдалана отырып жүзеге асыруы үшін – екінші деңгейдегі банктің төлем жүйесімен интеграциясы бар;

9) техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулігіне 24 сағат/аптасына 7 күн жұмыс істейтін ақпараттық жүйені пайдалана отырып, қызметтер көрсетінін растаймыз.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

Мекенжайы және байланыс телефоны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Тіркеушіні айқындау бойынша  
ашық конкурс өткізу  
қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

**Тіркеушіні айқындау бойынша конкурс қорытындылары туралы хаттама**

\_\_\_\_\_ (отырысты өткізу орны)

\_\_\_\_\_ (уақыты мен күні)

1. Мынадай құрамдағы тіркеушіні айқындау жөніндегі комиссия:

---

(комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы көрсетіледі)

2. Мынадай әлеуетті тіркеушілердің конкурстық өтінімдері конкурсқа одан әрі қатысуға жіберілді:

№	Әлеуетті тіркеушінің атауы	Әлеуетті тіркеушінің мекенжайы	Конкурстық өтінімді ұсыну күні мен уақыты (хронология бойынша)
---	----------------------------	--------------------------------	--

3. Себептерін көрсете отырып, конкурстан өтпеген әлеуетті тіркеушілер туралы мәліметтер:

---

—

---

—

---

4. Конкурс жеңімпазын көрсете отырып, конкурс қорытындылары туралы мәліметтер:

---

(тіркеушінің атауы көрсетіледі)

5. Комиссия төрағасы мен мүшелерінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолдары

6. \_\_\_\_\_ парақта ерекше пікір.